

Пәкістан Ислам Республикасының Премьер-Министрі Сайд Юсуф Реза Гиланидің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 27 тамыздағы № 115-ө
Өкімі

Пәкістан Ислам Республикасының Премьер-Министрі Сайд Юсуф Реза Гиланидің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі 2011 жылғы 6 – 7 қыркүйек кезеңінде Астана қаласында Пәкістан Ислам Республикасы Премьер-Министрінің Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі – сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) қосымшаға сәйкес «1+1+10» форматы бойынша жоғары деңгейде Пәкістан Ислам Республикасының ресми делегациясы мүшелеріне қызмет көрсету бойынша ұйымдастыру шараларын қабылдасын, сапарды өткізуге қатысты шығыстарды 2011 жылға арналған республикалық бюджетте 001 «Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету», 003 «Халықтың республикалық деңгейдегі санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы» және 004 «Жекелеген азаматтар санатына медициналық көмек көрсету» бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Пәкістан Ислам Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің Астана қаласының әуежайында, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Пәкістан Ислам Республикасы Премьер-Министрінің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын ;

2) Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі сапарды бұқаралық

ақпарат құралдарында жария етуді қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Қазақстан Республикасы Президентінің атынан ресми қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

7. Астана қаласының әкімдігі Пәкістан Ислам Республикасының ресми делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын орындауды, әуежайды және көшелерді безендіруді, баратын орындарға бірге жүруді, сондай-ақ мәдени бағдарламаларды ұйымдастыруды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

8. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана қаласының әуежайында Пәкістан Ислам Республикасының Премьер-Министрін қарсы алу және шығарып салу ресми рәсімдеріне қатыссын.

9. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

2 7

т а м ы з д а ғ ы

№ 1 1 5 - ө ө к і м і н е

қосымша

Пәкістан Ислам Республикасының ресми делегациясы мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Пәкістан Ислам Республикасы ресми делегациясының мүшелерін (1+1+10 форматы бойынша) және Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін Астана қаласындағы қонақүйде орналастыру.

2. Баспа өнімдерін (бейдждер, сапардың бағдарламалары, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

3. Пәкістан Ислам Республикасының ресми делегациясын қарсы алу және шығарып салу кезінде Астана қаласының әуежайында шай дастарханын ұйымдастыру және г ү л д е р м е н б е з е н д і р у .

4. Қазақстан Республикасының Президенті атынан Астана қаласында Пәкістан Ислам Республикасының Премьер-Министрі құрметіне қабылдаулар (таңғы, түскі, к е ш к і а с) ұ й ы м д а с т ы р у .

5. Ресми делегация басшысы мен мүшелері үшін сыйлықтар мен кәдесыйлар сатып а л у .

6. Іс-шараларды өткізу орындарын гүлдермен безендіру.

7. Ресми делегацияның басшысына және мүшелеріне, сондай-ақ бірге ілесіп жүрушілерге к ө л і к т і к қ ы з м е т к ө р с е т у .

8. Ресми делегацияның басшысына және мүшелеріне, сондай-ақ бірге ілесіп жүрушілерге медициналық қызмет көрсету.

9. Аудармашыларды қатыстыру және олардың қызметіне ақы төлеу.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК